

2020 жылы Қазығұрт ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 тамыздағы № 181 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 тамызда № 5746 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 39 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 05.03.2021 № 39 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата – анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 186 "Қазығұрт ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының

камқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4882 тіркелген, 2019 жылғы 18 қаңтарда "Қазығұрт тынысы" газетінде және 2019 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін;

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.А. Тұрсынқұловқа жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Телгараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 6 тамыздағы
№ 181 қаулысына 1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Қазығұрт коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік көп салалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	74	2%
2.	Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	114	2%
3.	"Аманкелді" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	102	2%
4.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	204	2%
5.	"Қарабау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	71	2%

6.	Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының "Қазығұрт аудандық ветеринарлық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	146	2%
7.	"Қарқын-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	220	2%

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 6 тамыздағы
№ 181 қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Қазығұрт коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік көп салалы кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	74	2%
2.	Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	114	2%
3.	"Аманкелді" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	102	2%
4.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	204	2%
5.	"Қарабау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	71	2%
6.	Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының "Қазығұрт аудандық ветеринарлық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	146	2%
7.	"Қарқын-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	220	2%

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 6 тамыздағы
№ 181 қаулысына 3-қосымша

Ата – анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Қазығұрт коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік	74	2%

	көп салалы кәсіпорыны" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын		
2.	Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын	101	2%
3.	"Аманкелді" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	204	2%
4.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	450	2%
5.	"Қарабау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	62	2%
6.	Қазығұрт аудандық ветеринария бөлімінің "Ауыл" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	162	2%
7.	"Қарқын-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	64	2%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК